

**Қазақстан Республикасы Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу агенттігі туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 1 ақпандағы N 55 Жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 12 тамыздағы № 139 Жарлығымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2011.08.12 N 139 Жарлығымен.**

"Президент пен Үкімет актілерінің жинағында" және республикалық баспасөзде жариялануға тиіс

Қазақстан Республикасы Конституциясының 44-бабының 3) тармақшасына және "Қазақстан Республикасының Президенті туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 10-бабына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қазақстан Республикасы Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу агенттігі Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік орган ретінде құрылсын.

**Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Президентінің 2006.08.28. N 166 Жарлығымен.**

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі осы Жарлықтан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

4. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Президенті*